

Келісемін:
«Ақбота» бөбекжайы
МКҚҚ әдіскері

Обиох М.Н.



Бекітемін:
«Ақбота» бөбекжайы
МКҚҚ басшысы

А.Е. Мынбаева.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективтік жоспары

Білім беру ұйымы(балабақша)

Топ «Ботакан»

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың күрылу кезеңі: қазан 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті. Сейлеу карқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сейлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (оынышқтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жинақ) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байту. Тілдің грамматикалық күрылымы. Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта колдану. Байланыстырып сейлеу: Мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үрету.</p>
Казан	Көркем әдебиет	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p>
	Математика негіздері	<p>Шама Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруды шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы,</p>

	ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру.
Коршаганортаментаныстыру	<p>Заттық әлем:</p> <p>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.</p> <p>Адамгершілікке баулу</p> <p>Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеke қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, енбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p>
Құрастыру	Құрастырылатын құрылышты қарапайым сыйбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінін тұрғызған құрылышын талдауға баулу. Құрастырған құрылышпен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.
Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызылт, көгілдір, сұр) колдану.
Мұсіндеу	<p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мұсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).</p> <p>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мұсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p>
Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаган дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.

Ән-күй	<p>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көніл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсінуге және оларды есте сақтауға үйрету.Әндегі дағдыларын дамыту: ре (ми) - ля (си) диапазонында. Әннің сипатын жеткізуғе үйрету (көңілді, созып, ойнақы айту).Заттармен және заттарсыз музикалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден ырғакты қимылдар орындауға үйрету. Балаларға қоңырауда ойнау тәсілдері мен қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету, Музикалық шығармалардың кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдан журеді, қоян секіреді, тулкі журеді.</p>
Дене шынықтыру	<p>1.Биіктігі 5 см заттың үстінен секіруді үйрету; допты қақпаға домалату дағдысын бекіту.</p> <p>2.Орналастырылған заттардың арасында «жылан» сияқты жорғалай білуге үйрету; 5 см биіктіктеғі заттың үстінен секіру техникасын бекіту.</p> <p>3. Допты екі қолмен еденге (жерге) лақтыруды үйрету; реттелген заттардың арасында «жылан» сияқты жорғалау қабілетін бекіту.</p> <p>1.Тепе-тендікті сақтай отырып, бөренелермен жүруді үйрету; допты екі қолмен еденге (жерге) лақтыру дағдысын бекіту.</p> <p>2.Екі аяқпен затқа бас тигізіп секіру техникасымен таныстыру; тепе-тендікті сақтай отырып, бөренелермен жүру дағдыларын бекіту.</p> <p>3.Допты еденге (жерге) лақтырып, қағып алуды үйрету; екі аяқпен затқа бас тигізіп секіру техникасын бекіту.</p> <p>1.Орналастырылған заттардың арасына жүгіре білуге үйрету; допты еденге (жерге) лақтыру және оны қағып алу дағдыларын бекіту.</p> <p>2. Допты қашықтыққа лақтыруды үйрету; орналастырылған заттардың арасында жорғалау дағдысын бекіту.</p> <p>3.Тақтамен жүруге үйрету; қашықтыққа лақтыру дағдысын жетілдіру.</p> <p>1.Допты тік нысанага оң қолмен лақтыру дағдысын үйрету; тақтайлармен жүруді қүшейту.</p> <p>2.2 метр қашықтықта алға жылжып екі аяқпен секіруді үйрету; он қолмен тік нысанага лақтыру дағдысын бекіту.</p> <p>3.Еденге қойылған тақтаймен жорғалауды үйрету, екі аяқпен секіру, 2 метр қашықтықта алға жылжу техникасын бекіту.</p> <p>Ашық ойындар. Балалардың ойын ойнау қабілетін дамыту, оның барысында негізгі қозғалыстар (жүру, жүгіру, лақтыру, домалау) жетілдіріледі.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсініктерін дамыту.</p> <p>Сауықтыру және шынықтыру әрекеттері. Табиғи факторларды - ауаны, күнді пайдалана отырып, қатайту шараларының кешенін жүргізіңіз.</p> <p>Денсаулықты сақтайтын технологиялар. Шығармашылық музикалық гимнастика, тыныс алу жаттыгулары, степ-аэробика.</p>